

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ АСПЕКТІЛЕРІ

* Изтлеуова С.Ш.¹, Бахтиярова Г.Р.², Бодыкова И.Н.³

* ^{1,2,3}Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылып, оның қазіргі таңдағы зерттелу деңгейіне түрлі ғылыми еңбектер негізінде шолу жасалады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдер даярлығындағы кәсіби сауатты педагогикалық тілді тиімді қолданудың маңыздылығы айқындалып, оған сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етуші және коммуникативтік мәдениетті құраушы компонент ретінде сипаттама беріледі. Авторлар жоғары оқу орны білім алушыларының педагогикалық бағытқа сәйкес кәсіби тілдік және коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда қазіргі таңдағы түрлі зерттеу еңбектерінде ұсынылатын құралдарға талдау жасап, олардың тиімділігін қарастырады.

Зерттеудің мақсаты отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін басшылыққа ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне жүйелі теориялық талдаулар мен өзіндік тұжырымдар жасау болып табылады. Негізгі әдістер ретінде зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектерді талдау және жалпылау, салыстыру, синтез және негізгі ұғымдарға контент-талдау жасау қолданылады.

Шолу нәтижесінде контент-талдау әдісі арқылы «коммуникативтік мәдениет» категориясының мәні айқындалып, осы ұғымға терең түсінік беруде басшылыққа алынатын түрлі ұстанымдар мен көзқарастар талданып, тұжырымдалады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жүзеге асырудағы маңызды «коммуникативтік мәдениет» ұғымының мәні бүгінгі ғылымда әртүрлі қатынас тұрғысынан анықталып, әлемдік ғылым кеңістігіндегі әр кезеңдердегі түрлі зерттеулер мен авторлардың көзқарастары, тұжырымдары негізінде зерделенеді.

Педагогикалық процесті жүзеге асырудағы коммуникативтік мәдениеттің педагог қызметіндегі қажеттілігі мен маңыздылығы айқындалып, оны қалыптастырудың қазіргі ғылымдағы жолдары сараланады. Нақты жағдайда осы процесті имитациялауға және сол арқылы білім алушылардың меңгерген кәсіби білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін симулятивтік технологияны қолданудың тиімділігі сөз етіледі.

Тірек сөздер: мәдениет, коммуникативтік мәдениет, коммуникация, кәсіби мәдениет, тілдік мәдениет, педагогикалық тіл, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, педагог

Кіріспе

Адамзат қоғамы дамуының түрлі бағыттарында (рухани, материалдық, өндірістік және т.б.) қол жеткізілетін жетістіктермен сипатталатын «мәдениет» категориясы қоғам өміріндегі кез-келген саланы қамтитындығы белгілі. Оның ішінде білім беру саласындағы педагог мамандардың кәсіби қызметі жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген жалпы мәдениеттің негізгі элементтері мен формаларын игеруді талап етеді. Осы орайда тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделген коммуникативтік мәдениет болашақ педагог

мамандардың мәдени және кәсіби дамуында басты рөл атқарады.

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесі М.Г. Рудь, О.В. Шмайлова, Л.Л. Лузянина, Л.А. Аухадеева, С.К.Беркимбаева, А. Кажийн, М.М. Негматова, Д.Ю. Мутанова және т.б. отандық және ТМД елдері ғалымдарының зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен, бүгінгі таңдағы техника мен технологияның, жасанды интеллект құралдарының қарқынды даму дәуірінде жоғары оқу орнында оқитын білім алушы бойындағы коммуникативтік дағдылардың жеткіліксіздігі мен «адам – адам» жүйесіндегі жағымды моральдық қарым-қатынас жасау қажеттілігі арасындағы қайшылықтар болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін көрсетіп отыр.

Білім беру жүйесіндегі трансформация және білім, ғылым саласындағы ауқымды реформалар мен зерттеу стратегияларының өзгеруі дамудың жаңа кезеңінде кәсіби бәсекелестікке қабілетті мұғалімнің тұлғалық қасиеттері мен оның кәсіптік құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар қатарын арттырып отыр. Бүгінгі таңда қоғамның басты құндылығы болып саналатын адам капиталын құрудағы отандық ғылымның маңызды міндеттерінің бірі «адам – адам» жүйесіндегі мақсатты, нәтижелі қарым-қатынастарды реттейтін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Педагогикалық салада ұстаздардың негізгі құралы ретінде қолданылатын педагогикалық тіл мәдениетін игеру және оны қоғамда қалыптасқан құндылықтар жүйесімен байланыста қолдану қажеттілігі болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігі мен маңыздылығын айқындайды.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесіндегі цифрландыру мен білім нәтижелерін бақылауды стандартты форматқа көшіру салдарынан білім алушыларда белсенді сөздік қордың азаюы, тиімді тұлғааралық қарым-қатынас тәсілдері мен сөйлеу мәдениетінің жеткіліксіз көрініс табуы және коммуникативтік мәдениетті жетілдірудің қажеттілігі байқалып, осы сұраққа ден қоюға әкеліп отыр. Кәсіби педагогикалық қызметте өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа негізделген гумандық қарым-қатынастар құру мен шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуға дайын, тілдік және кәсіби мәдениет нормаларын игерген құзыретті педагог даярлаудан туындайтын мәселе болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырумен тығыз байланысты.

Коммуникативтік мәдениет адам өмірімен астарласып жатыр. О.В.Мележик, Е.Б. Быстрой және т.б. ғалымдардың пікірінше, коммуникативтік мәдениет – кәсіби қарым-қатынас процесінде арнайы қолданылатын коммуникативтік білімдер мен дағдылар, құндылықтар жүйесі болып табылады [1, 2, 3].

Біз қарастырып отырған коммуникативтік мәдениет адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі әрі ол тұлғаның өмірлік құндылықтары мен қоршаған ортаға қарым-қатынасын қалыптастырады. Ол адам дамуының барлық жас кезеңдерінде және кез-келген ортада айрықша сипатқа ие деп білеміз.

Тұлға қалыптасуы мен әлеуметтенуінің маңызды кезеңі болып саналатын студенттік шақта да тұлғааралық қарым-қатынас ерекше орын алады, өйткені бұл кезең – жастардың өз бетінше шешім қабылдайтын, достық, жолдастық қатынастар орнататын, өзге орта мен жаңа ақпараттарды қабылдайтын, соған сәйкес жоғары мәдениеттілікті талап ететін уақыт. Осы кезеңдегі қатынастарды дұрыс орнатудың маңыздылығы жөнінде ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармаларында да құнды пікірлер айтылады [4]. Демек, академиялық ортада тиімді қарым-қатынас орнату арқылы өзін жетілдіру, жаңа ортада өзін таныту, сондай-ақ болашақ педагогтардың өздері таңдаған мамандығына бейімделуі үшін де коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудың қажеттілігін жоққа шығара алмаймыз.

Бүгінгі педагогика ғылымындағы сипаттамаларға сәйкес коммуникативтік мәдениет – жағымды педагогикалық қарым-қатынастың, жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлік пен құзіреттіліктің кепілі. Осы орайда коммуникативтік мәдениет педагогика ғылымында мұғалімдердің кәсіби мәдениетінің маңызды сипаттамаларының бірі ретінде қарастырылады.

Бұл тұста адам капиталын қалыптастырумен бірге тұтас педагогикалық жүйені басқаруда, жағымды оқу ортасын құруда, оның нәтижесіне қол жеткізудегі педагогикалық техниканы жүзеге асыруда, балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда, оқушыларға психологиялық қолдау жасау мен сенімді қатынастар орнатуда, қоғаммен және ата-анамен байланыс жасауда, мектеп пен отбасы арасындағы сабақтастықты құруда бастауыш сынып мұғалімдері үшін коммуникативтік мәдениеттің маңыздылығы еш талас тудырмайды. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындайтын бірнеше себептерді атауға болады. *Ең алдымен*, мәдениет балалық шақтан қалыптасатынын ескерсек, кіші мектеп оқушыларының идеалы болып табылатын бастауыш сынып мұғалімдері коммуникативтік мәдениетті толыққанды игерген болуы тиіс. *Екіншіден*, коммуникативтік мәдениет ойлау мәдениетін, эмоционалдық мәдениетті және сөйлеу мәдениетін қалыптастырады [1]. *Үшіншіден*, коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру қоғамдағы әр тұлғаның сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмендеуінің алдын алады [5].

Осы қарастырылған көзқарастар негізінде көзделіп отырған басты мақсат – қазақстандық және шетелдік ғалым-зерттеушілердің бүгінгі ғылыми көзқарастары мен еңбектерін негізге ала отырып, «коммуникативтік мәдениет» ұғымының мәнін терең түсініп, ашу, берілген анықтамалақ көзқарастардың аражігін ажырату және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесіне теориялық талдаулар жүргізіп, өзіндік тұжырымдар жасауға талпыну болды.

Материалдар мен әдістер

Көзделген мақсатқа қол жеткізуде «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағытында маман кадрлар даярлауда білім алушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін

дидактикалық шарттар мен принциптерді анықтау үшін таңдалған бағыт бойынша ғылыми-теориялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әлемдік және отандық ғылымдағы зерттеу еңбектері мен түрлі бағыттағы авторлардың ұсынған анықтамалық көзқарастары жүйеленіп, талданды және өзіндік тұжырымдар жасалды. Сондай-ақ, теориялық-әдіснамалық деректерді жалпылау, салыстыру, талдау негізінде «коммуникативтік мәдениет» ұғымының мәні анықталды. Талдау, жалпылау, синтез әдістері жоғары оқу орындарында білім алушылардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға байланысты негізгі мәселелерді және оларды тәжірибеде шешу жолдарын анықтауға негіз болды.

Осы тұста ғылыми ізденістер барысында талдауға арқау болған зерттеу материалдары Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасының ресми интернет-ресурсы мен Google Scholar базасындағы соңғы он бес жыл ішіндегі зерттеу жұмыстары негізге алынып, сонымен қатар білім беру саласында басшылыққа алынатын заңнамалық құжаттар мен жоғары оқу орнындағы мақсатты педагогикалық процесс нәтижелері ескерілді. Ғылыми тұжырымдар мен алынған ақпараттар негізінде педагогика ғылымындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесінің зерттелу жағдайына шолу жасалды. Зерттеулеріміздің негізгі талдау объектісі – болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесін түрлі қырынан қарастырған отандық және халықаралық контекстегі шетелдік ғалымдардың еңбектері мен ғылыми мақалалары болып табылады.

Бұл зерттеу объектісі қарастырылып отырған мәселенің бүгінгі ғылым кеңістігінде зерттелу жайы мен маңыздылығын жан-жақты талдауға және өз кезегінде төмендегідей негізгі сұрақтарды зерделеп, жауаптар табуға мол мүмкіндіктер береді:

- *ең алдымен*, болашақ мұғалімдер үшін «коммуникативтік мәдениет» ұғымының анықтамасы қандай қатынас тұрғысынан анықталады?

- *екіншіден*, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі тәжірибедегі жолдары қандай?

Ал осындай зерттеу сұрақтары аясында анықталған жәйттар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастырып, айқындауға және болашақта тәжірибеде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және талқылау

Ғылыми зерттеулерге жүргізілген жүйелі, жан-жақты мазмұндық талдаулар барысы байқатқандай болашақ мұғалімдердің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру бағытында Қазақстанда және әлемдік ғылым кеңістігінде орындалған ғылыми жұмыстар әр түрлі аспектілерде және түрлі зерттеу объектілерін негізге ала отырып жүргізілген. Бүгінгі зерттеулердің бағыты айқындап отырғандай ғалымдардың басым бөлігі болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруда белгілі бір, көпшілікке ортақ философиялық-педагогикалық тұжырымдарды басшылыққа алады.

Жан-жақты көзқарастармен танысу барысы бізге олардың тұжырымдамалық бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Атап айтсақ, коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеулердің көпшілігі негізінен мәдени қатынасқа негізделген [1, 2]. Сонымен қатар зерттеулерде мұғалімнің жеке басын қалыптастыру тұжырымдамасына [3, 6], аксиологиялық қатынасқа [7, 8, 9] басты назар аударылады. Коммуникативтік мәдениетті қалыптастырудағы мәдени қатынастың мәні мәдени ортада білім беру процесін жүргізуде және оқу процесінде мәдениетті тануда қарастырылады. Студент кез келген мәдениетті өз бойына сіңіріп қана қоймай, оны жеке әлеуметтік-мәдени тәжірибе ретінде бастан кешіреді [9]. Сол себепті бүгінгі ғылымдағы мәдени қатынас біздің зерттеуімізге де арқау болып отыр.

Мәдени қатынас «мәдениет», «мәдени нормалар мен құндылықтар», «мәдени қызығушылықтар» және т.б. ұғымдар тұрғысынан әлеуметтік тәжірибенің кез-келген саласын, оның ішінде білім беру үдерісі жағдайында талдауды қамтамасыз ететін әдіснамалық қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Коммуникативтік мәдениетті мәдени қатынас тұрғысынан қарастырсақ, ол қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен нормаларға сәйкес қарым-қатынастың барлық формалары мен сөйлеу функцияларын тұлғаға меңгертуді көздейді.

Коммуникативтік мәдениет терминінің мәнін ашу «мәдениет» және «коммуникация» ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен де тығыз байланысты.

«Мәдениет» ұғымы бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастырылатын көп қырлы, әрі күрделі категория. Қазіргі ғылымда «мәдениет» ұғымына берілген түсініктер мен авторлар тарапынан анықталған оның әр түрлі құрылымдық компоненттері де түрлі мәнде қарастырылады. Дегенмен, көпшілік анықтамалардың негізгі түйінінде мәдениет адам әрекетімен жасалады, әрі ол адамзат тарихының барлық кезеңдерін қамти отырып, қоғамның өмір сүру салтына айналып, үнемі толығып отыратындығын түсінеміз. Мәдениет адам болмысына тән белгілі бір қасиет ретінде де қарастырылады, ол білімділікпен және зиялылықпен тікелей байланысты.

Ал, мәдениетті жеткізу мен тарату құралдарының бірі болып табылатын *коммуникация* – бұл адамдар арасындағы еңбек және танымдық іс-әрекет процесінде тәжірибе алмасудың ерекше формасы болып табылатын тіл арқылы ақпарат немесе хабарлама мазмұнын беру [1].

Қарастырылған категориялардың бірлігінен туындайтын «*коммуникативтік мәдениет*» ұғымының анықтамасына жасалған талдаулар бұл ұғымның философиялық, лингвистикалық, педагогикалық және психологиялық тұрғыдан кешенді көзқарастар негізінде түсіндірілетіндігін көрсетті [1, 2, 7, 8]. Зерттеушілердің пікірінше, коммуникативтік мәдениет маман тұлғасының кәсіби мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамда қабылданған білім, нормалар, құндылықтар мен мінез-құлық үлгілері жүйесі және оларды эмоционалды қарым-қатынаста жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады [2].

Осы орайда танымал бірқатар ғалымдардың әртүрлі контексте берген

анықтамаларына контент-талдау жасау арқылы, біз осы ұғымның мәнін ашуға талпындық.

Кесте 1 - Ғалым-зерттеушілердің «коммуникативтік мәдениет» ұғымына берген анықтамаларына контент-талдау

Зерттеуші ғалымдардың аты-жөні	«Коммуникативтік мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар	Комментарийлер
О.В. Мележик	«Коммуникативтік мәдениет – бұл адамның ішкі дүниетанымының негізі, ол өзіне және қоршаған әлемге үйлесімді қарым-қатынастың кепілі» [1].	<i>Адамның ішкі дүниетанымымен байланысты</i>
Э.М. Каримулаева, А.М. Курбанова	«Педагогтың коммуникативтік мәдениеті – бұл қарым-қатынас әрекетіндегі жеке тұлғаның белгілі бір ұстанымын анықтайтын коммуникативтік білім, білік, дағдылар жүйесін қамтитын кәсіби қызмет субъектісінің сапалық сипаттамасы» [3].	<i>Адамның ұстанымын айқындайтын білім, білік, дағдылар</i>
Н.В. Вершинина	«Коммуникативтік мәдениет – тұлғаның өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін, оның ішкі әлемін, өмірлік мұраттарын, құндылықтарын, шектеу және өзін-өзі бақылау жүйесін құратын, қоршаған ортадағы ақиқатқа адекватты жауап беру процесін реттейтін жалпы мәдениеттің базалық компоненті» [5].	<i>Тұлғаның өзін-өзі анықтауымен байланысты</i>
Т.Г. Мухина, И.Г. Лукичев, А.Ю. Сутугин	«Болашақ педагогтың коммуникативтік мәдениеті – бұл саяси, құқықтық, моральдық және эстетикалық, сондай-ақ адам дүниетанымының бірыңғай негізін құрайтын басқа да құндылықтар көрінетін құбылыс» [6].	<i>Адам бойындағы құндылықтарды бейнелейді</i>
Л.К. Фортова	«Жоғары оқу орнындарындағы ақпараттық-коммуникативтік мәдениет қарым-қатынас процестеріне әсер ететін, білімді, эрудицияны арттыратын және нәтижесінде жоғары білім беру ортасын өзгертетін маңызды психологиялық-педагогикалық фактор болып табылады» [7].	<i>Қарым-қатынас процесіне әсер етеді</i>
Д.Ю. Мутанова	«Коммуникативтік мәдениет – тұлғааралық кәсіби коммуникативтік ауызша және жазбаша қарым-қатынасты ұйымдастыруда өзара түсіністікке қол жеткізуді, мақсатты және тиімді ақпарат алуды қамтамасыз ететін тұлғаның жалпы мәдениетінің құраушысы» [10].	<i>Ауызша және жазбаша қарым-қатынасты ұйымдастыруда көрініс табады</i>

Бұл жүргізілген талдаулар осы қарастырылып отырған ұғымның мәнін түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оның түрлі және көп компонентті, көп қырлы, әрі күрделі категория екендігін анықтайды. Біз осындай түрлі көзқарастарды басшылыққа ала отырып, *коммуникативтік мәдениетті* тұлғалық ерекшеліктер мен құндылықтар жүйесін көрсететін, кәсіби педагогикалық тілді педагогикалық техникамен бірге мақсатты ықпал ету бағытында қолдану арқылы жүзеге асатын жалпы мәдениет пен педагогикалық шеберліктің бір бөлігі деп тұжырымдаймыз.

Біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастыруда және кәсіби тұрғыда тұлғааралық қарым-қатынастарды құруда мектеп мұғалімінің негізгі, басты

құралы – *сауатты педагогикалық тіл*. Болашақ мұғалімдерге кәсіби педагогикалық тілді дұрыс қолдануға негізделген сөйлеу жауапкершілігін жүктей отырып, коммуникативтік мәдениетті игеру талап етіледі [5]. Коммуникативтік мәдениеттің негізін құрайтын сөйлеу мәдениеті – ұлт мәдениетінің де басты көрсеткіші, ал тіл – оның негізін құрайтын құрамдас бөліктерінің бірі, іргетасы ретінде танылып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың, ой мен сезімді жеткізудің, сондай-ақ, әдебиеттің, тәрбие мен білім берудің құралы болып табылады.

Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру М. Олияр, Л.В. Коваленко және Л. Байдюк зерттеулеріне сәйкес күрделі және көп қырлы процесс ретінде зерттеліп, зерделенеді [11, 12, 13]. Ғалымдардың мақсатты ізденістерінің нәтижелері бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудың әртүрлі жолдарын ұсынатындығын көрсетеді: Н.Максименко және т.б. жобалық оқыту технологиясын қолданса [8]; Н.В.Вершинина риторикалық дағдылар арқылы қалыптастыруды ұсынады [5]; Е.Б. Быстрай, И.А. Скоробренко іскерлік ойындар мен кейс-стадидің тиімділігін дәлелдейді [2]; Т.Г. Мухина, И.Г. Лукичев, А.Ю. Суругин педагогикалық процесте белсенді және интерактивті білім беру технологияларын қолдануды [6], ал Г. Айтжанова пәнаралық тәсілді пайдаланып, студенттердің коммуникативті қызметін ынталандыру, оқытудың әртүрлі формаларын ұсыну арқылы қалыптастыруды көздейді [14]. М. Олияр осы бағытта мәдени диалог технологиясының маңыздылығын атап өтіп, оның болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін арттырудағы тиімділігін атап көрсетеді [11].

Ал Л.В. Коваленко бастауыш сынып мұғалімдерінің шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін кәсіби бағытталған диалогтық сөйлеуді, оның ішінде тәжірибеде YouTube материалдарын пайдалануды ұсынады [12]. Л. Байдюк коммуникативті құзыреттіліктің пәнаралық сипатын тереңдетіп, ғылыми пәндік оқытудан коммуникативті оқытуға баса назар аудару қажеттілігін атап өтеді [13]. Бұл зерттеулер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық және мәдени тұрғыдан маңызды тәсілдерді дамытуға біртұтас көзқарасты көрсетеді.

Дегенмен, осындай зерттеу жұмыстарына жүргізілген жүйелі, жан-жақты шолулар мен бүгінгі жоғары мектептегі педагогикалық процесс барысына жүргізілген бақылаулар байқатқандай, коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру жұмысы тікелей іс-әрекетте мақсатты әрі кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс. Осы орайда нақты жағдайда процесті имитациялауға және сол арқылы білім алушылардың бұрын алған білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін *симулятивтік технологияларды* қолдана отырып, болашақ мұғалімдердің тілдік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, сол арқылы білім алушылардың кәсіби коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру ұтымды болмақ.

Өйткені, осындай модельдеуге негізделген симулятивтік технологиялар арқылы оқыту, ең алдымен практикалық бағытта оқытуды қамтамасыз етеді, нақты өмірлік жағдайларда оқудағы шектеулерді жеңуге мүмкіндік береді және күрделі дағдыларды дамытудың тиімді әдісі ретінде қызмет етеді [15].

Қорытынды

Сонымен, біздің зерттеу мақсатымызға сәйкес іске асырылған ізденістер барысында отандық және шетелдік зерттеуші-ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру мәселесі мен оны жүзеге асырудың негізгі жолдарына, ерекшеліктеріне жан-жақты теориялық талдаулар жасалды. Ал орындалған зерттеу нәтижелері мен ұзақ жылдарға негізделген педагогикалық тәжірибелер барысы аңғартқандай бүгінгі педагогикалық білім беру бағдарламалары шеңберінде тиімді оқыту процесін ұйымдастыруда шешуші рөл атқаратын мұғалімдер бойында жоғары деңгейдегі коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру маңызды мәселелер қатарынан табылатыны еш талас туғызбайды. Бұл орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруды теориялық негіздеуде төмендегідей қол жеткізуге болатын негізгі нәтижелерді атауға болады:

- *Коммуникативтік мәдениеттің маңыздылығы.* Коммуникативтік мәдениет бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас жасауы үшін зор маңызға ие және бұл білім беру жүйесінде біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру барысында әр тұлғаның бір-бірін жақсы түсінуіне жол ашып, ынтымақтастыққа және кез-келген мәселені тиімді шешуге ықпал етеді.

- *Білім бағдарламаларының ықпалы.* 6В01301 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім бағдарламасы оқытушыларының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастырудағы әлеуметтік-педагогикалық рөлін арттырады. Демек, тәжірибелік бағыттағы икемді коммуникативтік дағдыларға үйрету теориялық біліммен ұштастырылса, болашақ педагогтардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру сәтті жүзеге асады.

- *Оқу-тәрбие процесінде технологияларды қолданудың рөлі.* Инновациялық технологияларды, оның ішінде жағдаяттар мен нақты процестерді имитациялауға негізделген симулятивтік технологияларды қолдану өзара әрекеттегі қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты қамтамасыз ету арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыруға барынша оңтайлы ықпал етеді.

- *Кәсіптік тәжірибенің әсері.* Педагогикалық тәжірибе барысында практикалық оқыту болашақ мұғалімдер бойында коммуникативтік іскерліктер мен дағдыларды нақты жағдайларда қолдану үшін өте маңызды, нәтижесінде білім алушылардың оқу-іздену дағдылары мен өзіне деген кәсіби тұрғыдан сенімділігі артады.

Қорыта айтқанда, ғылыми талдаулар барысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру педагог кадрларды даярлауда жан-жақты көзқарасты қажет ететін көп қырлы процесс ретінде қарастырылғанын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ол білім алушылар бойында өте маңызды, әрі қажетті кәсіби мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде тіл және сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, кәсіби қарым-қатынаста қолданылатын коммуникативтік білімдер мен дағдылар жүйесін игертуді талап ететіндігін айқын көрсетіп отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мележик О.В. Основные подходы отечественных и зарубежных ученых к определению понятия «коммуникативная культура» //Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2018. – Т. 23. – №. 4 (174). – С. 108-115

[2] Быстрой Е.Б., Скоробренко И.А. Педагогические средства формирования коммуникативной культуры будущих учителей иностранного языка в межкультурном контексте //Человек и язык в коммуникативном пространстве: сборник научных статей. – 2018. – Т. 9. – № 9. – С. 332-338.

[3] Каримулаева Э.М., Курбанова А.М. Коммуникативная культура как компонент общей профессиональной культуры педагога //Мир науки, культуры, образования. – 2017. – № 6 (67). – С. 52-53.

[4] Бахтиярова Г.Р., Мейірханова А.А., Сагадатов Р.Т. Абай Құнанбайұлы шығармалары арқылы студент жастарды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу //Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті хабаршысы. «Педагогика ғылымдарының» сериясы. – 2023. – Т. 71. – № 4. – 83-102 б.

[5] Вершинина Н.В. Риторические умения как основа формирования коммуникативно-речевой культуры будущих педагогов //Концепт. – 2015. – № 4. – С. 41-45.

[6] Мухина Т.Г., Лукичев И.Г., Сутугин А. Ю. Проектирование развития коммуникативной культуры студентов в процессе обучения в вузе //Общество: социология, психология, педагогика. – 2017. – № 6. – С. 41-45.

[7] Fortova L.K. et al. Needs of Information and Communicative Culture Formation in Higher Education: Risks and Prospects //International Conference «Topical Problems of Philology and Didactics: Interdisciplinary Approach in Humanities and Social Sciences» (TPHD 2018). – Atlantis Press, 2019. – С. 526-530.

[8] Maksymenko N. et al. Formation of communicative culture of students by means of project teaching in higher educational establishments //Journal of History Culture and Art Research. – 2020. – Т. 9. – № 3. – С. 267-276.

[9] Zubkova M.A. et al. Approaches to the future engineers foreign communicative culture formation //Humanities & Social Sciences Reviews. – 2019. – Т. 7. – № 4. – С. 781-786.

[10] Мутанова Д.Ю. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің коммуникативтік мәдениетін дамыту: филос. ғыл. докт. ... дис. (PhD) (педагогика және психология). – Алматы, 2019. – 167 б.

[11] Olliar M. et al. The technology of development of communicative culture of elementary school teachers //Pedagogy (0861-3982). – 2022. – Т. 94.– № 5. – С. 597-610.

[12] Коваленко Л.В. Forming of foreign communicative competence of future teacher of primary school by means of professionally oriented dialogical speech //Вісник психології і педагогіки. – 2012. – № 10.

[13] Байдюк Л. Формування комунікативної компетентності майбутніх учителів початкової школи в сучасних умовах //Проблеми підготовки сучасного вчителя. – 2022. – № 2 (26). – С. 59-69.

[14] Aytzhanova G. et al. Technology of Formation of Students Communicative Culture in the Process of Learning Foreign Languages //Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – № 3.

– C. 253-258.

[15] Chernikova O. et al. Simulation-based learning in higher education: A meta-analysis //Review of Educational Research. – 2020. – T. 90. – №. 4. – C. 499-541.

REFERENCES

[1] Melezhik O.V. Osnovnye podhody otechestvennyh i zarubezhnyh uchenyh k opredeleniyu ponyatiya «kommunikativnaya kul'tura» (Basic approaches of domestic and foreign scientists to the definition of «communicative culture» notion) //Vestnik Tambovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye nauki. – 2018. – T. 23. – № 4 (174). – S. 108-115. [in Rus.]

[2] Bystraj E.B., Skorobrenko I.A. Pedagogicheskie sredstva formirovaniya kommunikativnoj kul'tury budushchih uchitelej inostrannogo yazyka v mezhkul'turnom kontekste (Pedagogical technologies of the future foreign language teachers communicative culture formation in an intercultural context) //Chelovek i yazyk v kommunikativnom prostranstve: sbornik nauchnyh statej. – 2018. – T. 9. – № 9. – S. 332-338. [in Rus.]

[3] Karimulaeva E.M., Kurbanova A.M. Kommunikativnaya kul'tura kak komponent obshchej professional'noj kul'tury pedagoga (Communicative culture as a component of the general professional culture of a teacher) //Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya. – 2017. – № 6 (67). – S. 52-53. [in Rus.]

[4] Bahtiarova G.R., Meirhanova A.A., Sagadatov R.T. Abai Qūnanbaiūly syǵarmalary arqyly student jastardy qarym-qatynas mādenietine tārbielēu (Education of students' communication culture through the works of Abai Kunanbaiuly) //Abylai han atyndaǵy Qazaq halyqaralyq qatynastar jāne ālem tilderi universiteti habarshysy. «Pedagogika ğylymdarynyñ» seriasy. – 2023. – T. 71. – № 4. – 83-102 b. [in Kaz.]

[5] Vershinina N.V. Ritoricheskie umeniya kak osnova formirovaniya kommunikativno-rechevoj kul'tury budushchih pedagogov (Rhetorical skills as a basis for the formation of communicative and speech culture of future teachers) //Koncept. – 2015. – № 4. – S. 41-45. [in Rus.]

[6] Muhina T.G., Lukichev I.G., Sutugin A. YU. Proektirovanie razvitiya kommunikativnoj kul'tury studentov v processe obucheniya v vuze (Development projects of the communicative culture students during education at the university) //Obshchestvo: sociologiya, psihologiya, pedagogika. – 2017. – № 6. – S. 41-45. [in Rus.]

[7] Fortova L. K. et al. Needs of Information and Communicative Culture Formation in Higher Education: Risks and Prospects //International Conference «Topical Problems of Philology and Didactics: Interdisciplinary Approach in Humanities and Social Sciences» (TPHD 2018). – Atlantis Press, 2019. – S. 526-530.

[8] Maksymenko N. et al. Formation of communicative culture of students by means of project teaching in higher educational establishments //Journal of History Culture and Art Research. – 2020. – T. 9. – № 3. – S. 267-276.

[9] Zubkova M. A. et al. Approaches to the future engineers foreign communicative culture formation //Humanities & Social Sciences Reviews. – 2019. – T. 7. – № 4. – S. 781-786.

[10] Mutanova D.Īu. Bolaşaq aǵylsyn tılı mūǵalımderinıñ komunikativtik mādenietin damytu: filos. ğyl. dokt. ... dis. (PhD) (pedagogika jāne psihologia) (Development the communicative culture of future English teachers: PhD... dis. (pedagogy and psychology) – Almaty, 2019. – 167 b. [in Kaz.]

[11] Oliiar M. et al. The technology of development of communicative culture of elementary school teachers //Pedagogy (0861-3982). – 2022. – T.94. – № 5. – S. 597-610.

[12] Kovalenko L.V. Forming of foreign communicative competence of future teacher of primary school by means of professionally oriented dialogical speech //Visnik psihologii i pedagogiki. – 2012. – № 10.

[13] Bajdyuk L. Formuvannya komunikativnoi kompetentnosti majbutnih uchiteliv pochatkovoї shkoli v suchasni umovah (Formation of communicative competence of future primary school teachers in modern conditions) //Problemi pidgotovki suchasnogo vchitelya. – 2022. – №. 2 (26). – S. 59-69. [in Ukr.]

[14] Aytzhanova G. et al. Technology of Formation of Students Communicative Culture in the Process of Learning Foreign Languages //Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – № 3. – С. 253-258.

[15] Chernikova O. et al. Simulation-based learning in higher education: A meta-analysis //Review of Educational Research. – 2020. – Т. 90. – № 4. – S. 499-541.

НАУЧНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

* Изтлеуова С.Ш.¹, Бахтиярова Г.Р.², Бодыкова И.Н.³

* ^{1,2,3}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования коммуникативной культуры будущих учителей начальных классов как составляющей общей культуры и дается обзор степени изученности данного понятия на основе различных научных трудов.

Также определяется важность эффективного использования будущими учителями профессионально грамотной педагогической речи, способствующей формированию культуры речи и составляющей коммуникативную культуру. Авторы анализируют и рассматривают эффективность средств, предлагаемых в различных современных исследовательских работах по формированию профессиональной речевой и коммуникативной культуры обучающихся вуза в соответствии с педагогической направленностью.

Целью исследования является проведение системного теоретического анализа по проблеме формирования коммуникативной культуры будущих учителей начальных классов, основываясь на исследования отечественных и зарубежных ученых и приведение самостоятельных выводов. В качестве основных методов применяются анализ и обобщение научных трудов по теме исследования, сравнение, синтез и контент-анализ основного понятия.

В результате обзора раскрывается сущность категории «коммуникативная культура» с помощью контент-анализа и анализируются различные подходы и аспекты в раскрытии содержания понятия. Определение категории «коммуникативная культура» в подготовке будущих учителей рассматривалось на основе исследований в мировом научном пространстве с точки зрения различных подходов.

Обусловлена необходимость и значимость коммуникативной культуры для педагога в осуществлении педагогического процесса. Дифференцируя выявленные пути формирования коммуникативной культуры в современной науке, подчеркивается эффективность применения симулятивных технологий, позволяющих моделировать процесс в реальных условиях и тем самым применять на практике ранее полученные знания обучающихся.

Ключевые слова: культура, коммуникативная культура, коммуникация, профессиональная культура, речевая культура, педагогическая речь, будущие учителя начальных классов, педагог

SCIENTIFIC ASPECTS OF THE FORMATION OF THE COMMUNICATIVE CULTURE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

*Iztleuova S.Sh.¹, Bakhtiyarova G.R.², Bodykova I.N.³

*^{1,2,3}K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. The article deals with the problem of forming the communicative culture of future primary school teachers as a component of general culture. It provides an overview of the degree of knowledge of this concept based on various scientific papers.

It is also determined the importance of effective use of professionally competent pedagogical speech by future teachers, which contributes to the formation of a speech culture and constitutes a communicative culture. The authors analyze and consider the effectiveness of the means proposed in various modern research works on the formation of professional speech and communicative culture of university students in accordance with the pedagogical focus.

The purpose of the study is to conduct a theoretical analysis of the problem of forming the communicative culture of future primary school teachers, based on the research of domestic and foreign scientists and to draw independent conclusions. The main methods used are the analysis and generalization of scientific papers on the research topic, comparison, synthesis, and content analysis of the basic concept.

As a result of the review, the essence of the category "communicative culture" is revealed using content analysis, and various approaches and aspects in showing the content of the concept are analyzed. The definition of the category of "communicative culture" in the training of future teachers was considered based on research in the global scientific space from the point of view of various approaches.

The necessity and importance of a communicative culture for a teacher in the implementation of the pedagogical process is determined. Differentiating the identified ways of forming a communicative culture in modern science, the effectiveness of using simulation technologies that allow modeling the process in real conditions and thereby applying previously acquired knowledge of students in practice is emphasized.

Key words: culture, communicative culture, communication, professional culture, speech culture, pedagogical speech, future primary school teachers, teacher

Статья поступила 22 июля 2024